1. Көрсеткіш туралы ақпарат	
Мақсаты	Орнықты даму мүдделеріндегі жаһандық әріптестіктердің шектерінде жүзеге асыру құралдарын нығайту және жұмысты жандандыру
Тапсырма	Дамушы елдер үшін әр түрлі көздерден қосымша қаржылық қорларды жұмылдыру
Көрсеткіш	Тікелей шетелдік инвесторлардан Қазақстанға тікелей инвестициялардың жалпы ағынының қатынасы
2. Ұйым туралы ақпарат	
Ұйым	ҚР Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
3. Анықтамалар мен ұғымдар	
Анықтама	Шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстанға тікелей инвестициялардың жалпы ағынының пайызбен көрсетілген жылдық мәндегі ЖІӨ-ге қатынасы.
Негізгі ұғымдар:	Тікелей инвестициялар - тікелей инвестордың орналасқан елінен басқа елдің резиденті болып табылатын тікелей инвестицияларды алушы кәсіпорында өзінің ұзақ мерзімді мүдделілігін (дауыс беретін акциялардың кемінде 10% немесе баламасын иелену) іске асыру мақсатында бір елдің резиденті (тікелей инвестор) жасаған халықаралық инвестициялардың түрі (Дереккөз: ЭЫДҰ шетелдік тікелей инвестициялар үшін эталондық анықтамасы, 4 басылым).
Негіздеме және түсіндіру	Бұл көрсеткіш ұлттық және халықаралық тәжірибеде заңнаманың либералдылығын, бизнесті жүргізудің жеңілдігін, инвестициялық жобалардың болуын және олар туралы ақпараттың қолжетімділігін қоса алғанда, елдің инвестициялық тартымдылығының дәрежесін анықтау үшін, ішкі шығарылым көлеміне барабар сыртқы қаржыландыруды бағалау үшін кеңінен қолданылады.
4. Деректер көздері және жинау әдістері	
Деректер көздері	Төлем балансы бойынша ведомстволық статистикалық есептілік және валюталық реттеу шеңберіндегі әкімшілік есептілік нысандары (https://nationalbank.kz/kz/news/formy-statisticheskoy-i-administrativnoy-otchetnosti); Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы интернет-ресурсынан ЖІӨ туралы ақпарат
Деректерді	Ведомстволық статистикалық байқаулар және әкімшілік

жинау әдістері	есептілік нысандары бойынша резиденттерге сауалнама жүргізу
Өлшем бірлігі	пайызбен
Жиілігі	Жыл сайын
5. Есептеу әдісі және басқа әдістемелік ойлар	
Есептеу әдісі:	Көрсеткіш АҚШ долларында шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстанға бір жыл ішінде тікелей инвестициялардың жалпы ағынының долларлық эквивалентте жылдық мәнде жалпы ішкі өнімге бөлінісі ретінде есептеледі.
Пікірлер мен шектеулер:	Қазақстанға шетел тікелей инвесторлардан әкелінген тікелей инвестициялардың жалпы ағыны: -капиталға қатысу құралдарының ұлғаюы: резидент еместердің резиденттерден қазақстандық кәсіпорындардың 10%-дан кем емес дауыс құқығын беретін акцияларын немесе қатысу үлесін сатып алуы, резидент еместердің резиденттерден Қазақстандағы жылжымайтын мүлікті сатып алуы; - қайта инвестицияланған кірістер: шетел тікелей инвесторлардың қазақстандық кәсіпорындардың бөлінбеген пайдасындағы (шығынындағы) үлесі; - борыштық құралдардың ұлғаюы: шетел тікелей инвесторлардан қаражаттардың түсуі (ақшалай, сонымен қатар басқа да түрде - тауар, жұмыс, қызмет көрсету, материалдық емес активтер, бағалы қағаздар сатып алу ретінде және т.б.).
6. Деректердің қол жетімділігі және бөлшектеу	
Деректердің қол жетімділігі және олқылықтар:	Деректер ҚР ҰБ және СЖРА ҰСБ сайтында қол жетімді
Бөлшектеу деңгейі:	Деректер жыныс пен жас бойынша бөлінбейді.
7. Халықаралық деректермен / стандарттармен салыстыру	Деректер толығымен халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылады (ЭЫДҰ шетелдік тікелей инвестициялар үшін эталондық анықтамасы, 4 басылым; Төлем балансы және халықаралық инвестициялық позиция жөніндегі Нұсқаулық, 6-басылым).
8. Сілтемелер және құжаттама	**Сілтемелер:** Деректер Төлем балансы және халықаралық инвестициялық позиция жөніндегі Нұсқаулықтың (ТБН-6) алтыншы редакциясына сәйкес жасалады. Нұсқаулық мына жерде қолжетімді https://www.imf.org/external/pubs/ft/bop/2007/bopman6.htm

	ЖІӨ деректері ұлттық жүйелердің ҰШЖ әдіснамасына сәйкес жасалады, 2008 (2008 SNA). Нұсқаулық мына жерде қолжетімді: http://unstats.un.org/unsd/nationalaccount/docs/SNA2008.pdf Деректер мына жерде де қолжетімді: https://nationalbank.kz/kz/news/pryamye-investicii-po-napravleniyu-vlozheniya